

**Жергілікті атқарушы органдардың 2023-2025 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 33 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 16 наурызда № 32083 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 164-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған жергілікті атқарушы органдардың 2023-2025 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Инвестициялық саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі

А. Куантыров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2023 жылғы 15 наурыздағы  
№ 33 бұйрығымен  
бекітілген

**Жергілікті атқарушы органдардың 2023-2025 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері**

**Ескерту. Лимиттеріне өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.11.2023 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

МЫҢ ТЕҢГЕ

P/c №	Жергілікті атқарушы орган	Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиті					
		2023 жыл		2024 жыл		2025 жыл	
		ЖАО МЖӘ ММ лимиті	Қабылдау лимиті	ЖАО МЖӘ ММ лимиті	Қабылдау лимиті	ЖАО МЖӘ ММ лимиті	Қабылдау лимиті
1	Абай облысы	61 198 508	59 155 539	65 383 729	63 340 760	70 061 626	68 018 657
2	Ақмола облысы	94 945 645	94 786 973	101 100 861	100 942 189	108 744 414	108 585 741
3	Ақтөбе облысы	92 529 268	87 903 574	98 008 997	93 383 303	105 539 672	100 913 978
4	Алматы облысы	126 152 810	91 810 068	133 101 925	98 759 183	143 247 028	108 904 286
5	Атырау облысы	124 367 048	64 749 195	122 748 246	57 093 219	132 863 088	67 208 061
6	Батыс Қазақстан облысы	72 105 784	71 941 530	82 006 993	81 842 739	86 725 970	86 561 717
7	Жамбыл облысы	105 171 851	99 368 001	110 921 619	105 117 769	120 354 412	114 550 562
8	Жетісу облысы	81 310 461	76 364 316	85 725 617	80 779 471	92 900 849	87 954 703
9	Қарағанды облысы	112 977 648	112 977 648	120 126 218	120 126 218	129 560 176	129 560 176
10	Қостанай облысы	93 886 192	91 864 508	98 650 224	96 628 540	105 301 188	103 279 504
11	Қызылорда облысы	97 232 156	93 921 418	104 630 574	101 319 836	114 225 074	110 914 336
12	Маңғыстау облысы	65 888 392	52 265 385	70 892 510	57 269 502	79 965 981	66 342 973
13	Павлодар облысы	85 741 789	82 992 445	91 697 456	88 948 113	95 872 888	93 123 545
14	Солтүстік Қазақстан облысы	78 235 917	72 869 390	81 646 917	76 280 390	86 975 584	81 609 057
15	Түркістан облысы	562 089 706	465 010 750	579 107 639	482 028 683	634 569 101	537 490 145

16	Ұлытау облысы	25 737 130	25 737 130	27 716 177	27 716 177	30 613 425	30 613 425
17	Шығыс Қазақстан облысы	77 183 142	60 507 983	81 909 465	65 234 307	89 203 592	72 528 433
18	Алматы қаласы	542 249 913	501 453 409	589 324 440	548 527 936	637 451 116	596 654 612
19	Астана қаласы	329 429 898	256 943 242	361 038 138	288 551 482	395 168 294	322 681 637
20	Шымкент қаласы	239 139 197	212 363 453	255 578 777	228 803 033	285 432 129	258 656 385
	Жиыны:	3 056 322 437	2 657 698 766	3 261 316 520	2 862 692 849	3 544 775 604	3 146 151 933

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

МЖӘ ММ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер